

Мазмұны

1	Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Эстрадалық джаздық әні» пәні бойынша білім беру бағдарламасы	3
2	Образовательная программа по предмету «Эстрадно-джазовое пение» детских музыкальных школ и музыкальных отделений детских школ искусств	27

**Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері
музыка бөлімдерінің «Эстрадалық джаздық әні» пәні бойынша
білім беру бағдарламасы**

1. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Эстрадалық джаздық әні» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Эстрадалық-джаздық ән айту» пәні бойынша оқытудың мақсатын, нәтижелерін және мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешенін анықтайды.

2. Осы бағдарламада келесі түсініктер қолданылады:

1) артикуляция – музыкалық аспапта ойнау кезінде және вокалдық партияларды айту кезінде дыбыстардың бірізді қатарын орындау тәсілі;

2) арпеджио – фортопианода, бірнеше клавишалық (ксилофон, виброфон) және ішекті аспаптарда аккордтарды орындау тәсілдері, ол кезде аккордтардың дыбысы бірінен соң бірі шығады;

3) әндету – бұл сатының көршілес екеуімен қоршалуы, ең қарапайым мысал – бұл ладтың тұрақты сатыларын әндету;

4) блюз – жиырмасыншы ғасырдың 20-шы жылдары кең таралған, жеке алынған блюз композициясы немесе музыка жанры;

5) бибоп, би-боп, боп – жиырмасыншы ғасыр 40-шы жылдардың ортасында бастау алған және жылдам ырғақ пен күрделі импровизациялармен сипатталатын, әуенді емес, гармонияны күйіне келтіруге негізделген джаздық стиль;

6) бэкграунд – джаздағы аспапты және дауыс сүйемелдеуі;

7) вибрато (тремоляция) – музыкалық дыбыстың немесе ән салудың жоғарылығының, күшінің (қаттылығы) немесе тембрінің ұдайы өзгеруі. Ішекті аспаптарда ол саусақтардың тербелісі арқылы шығады;

8) группето- жоғарғы көмекші, негізгі, төменгі көмекші және негізгі - бірнеше дыбыстардан тұратын әуенді көркемдеу, негізгі нотаның ұзақтылығы есебінен орындалады;

9) джаз – он тоғызыншы ғасырдың аяғы – жиырмасыншы ғасырдың басында еуропалық және африкалық мәдениеттердің белгілерін байланыстыру негізінде АҚШ-та қалыптасқан және кейін халықаралық таралымға ие болған музыкалық өнер түрі мен музыкалық стиль;

10) джаз-рок – джаз бен рок-музыканың синтезі негізінде пайда болған стильдік бағыт;

11) диминуэндо – дыбыс күшінің бірқалыпты кемуін білдіретін музыкалық термин;

12) джаздық стандарт – жалпытанымал джаздық репертуардың бөлігі ретіндегі музыкалық шығарма;

13) дуоли – бұл сол түрдің үш нота ұзақтылығы келетін екі нота;

14) дыбыс филировкасы - дыбыстың тығыздығы мен қоюлығының біртеңдеп ыдырауы;

15) крещендо – дыбыс күшінің бірқалыпты артуын білдіретін музыкалық термин;

16) legato – музыкалық аспапта ойнау тәсілдері, бір дыбыстан келесі дыбысқа бірқалыпты ауысу орын алатын, дыбыстар арасында үзіліс болмайтын дыбыстарды байланыстыра орындау;

17) микст – табиғи регистрлерді (кеуде және бас) араластыру арқылы пайда болатын және соның есебінен олардың дыбысталу сипатында қатты айырмашылық жоғалатын жасанды дауыс регистрі;

18) музыка теориясындағы гамма – ұзақтығы белгісіз дыбыстардың қатары, көршілес басқыштары бір-бірінен толық бір тонға және жартылай тонға артта болады. Мектептің орындаушылық практикасында гамма дегеніміз жоғары немесе төменгі октавалық дыбыстар қатарын білдіреді;

19) орындаушылық аппарат – ойын процесіне қатысатын және өзара күрделі жүйке-бұлшықетті қызметпен байланысқан физиологиялық органдардың кешені;

20) пассаж – жылдам қозғалыс кезіндегі дыбыстардың бірізділігі;

21) piano – музыкадағы маңызды динамикалық реңктердің бірі, форте динамикалық реңкіне қарсы тұрады;

22) рок-музыка – танымал музыканың бағыттары қатарының жалпылаушы атауы;

23) свинг - еркін импровизация ноталанған аранжировка бойынша ойнауға орын беретін, биг-бэнд орындауындағы джаз стилі;

24) секунда – екі саты көлеміндегі ені бар музыкалық интервал, «2» санымен белгіленеді. Үлкен секунда - екі саты көлеміндегі немесе толық тонға интервал. Кіші секунда - екі саты көлеміндегі немесе жарты тонға интервал;

25) staccato - дыбыстарды бір-бірінен кідірістермен бөлу арқылы үзілмелі орындауды белгілеуші музыкалық штрих;

стаккато – легатоға қарсы тұратын, дыбысты шығарудың (артикуляция) негізгі әдістерінің бірі;

26) субтон – эстрадалық вокалдағы тәсіл;

27) таза октава – 8 санымен белгіленетін, 8 сатылы және 6 тонды интервал;

28) таза прима – 0 саты қашықтығындағы интервал, яғни оның құрылуына бір ғана саты қатысады. Интервал абсолютті консонанстар разрядына жатады;

29) тіректі тыныс – саналы құрылған, үнемі қолдаулы және қысыңқы, күшті кеуде қуысы тыныс шығару бұлшықеттерімен кернеулі қысқартылатын және тыныс шығару бойы серпінді, жаттыққан ерінмен басқарылатын өкпедегі, ауыз қуысындағы және ерін алдындағы ауа қысымы;

30) тесситура – дыбыстардың музыкалық шығармадағы дауыстың (вокалдың) немесе музыкалық аспаптың диапазонына биіктік қатынасы;

31) терция – қарапайым интервал, кіші терция – 1 1/2 тон, үлкен – 2 тон;

32) үшдыбыстылық – терция бойынша орналасқан, үш дыбыстан тұратын аккорд;

33) форшлаг – бір немесе бірнеше дыбыстардан тұратын, қандай да бір әуен дыбысына ізашар болатын және келесі дыбыстың ұзақтылығы есебінен орындалатын әуенді көркемдеу;

34) фруллато – флейта немесе трубамен ойнау кезінде тіл арқылы пайда болатын «трещотка» тәсілі;

35) штрихтар – дыбыс құрайтын ноталарды, ноталар тобын орындау тәсілі (амалы және әдісі).

3. Бағдарламаның мақсаты: білім алушының вокалдық орындаушылық саласында алған білім, білік және дағдылары негізінде музыкалық-шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау, олардың джаз стиліндегі әншілік мәдениетін қалыптастыру.

4. Бағдарламаның міндеттері:

Оқыту:

- 1) мәнерлі ән айтуға үйрету;
- 2) ән айтуды үйрету және әншілік қабілеттерін дамыту арқылы білім алушыны вокалдық өнерге тарту;
- 3) эстрадалық-джаздық өнер негіздерін меңгеру;
- 4) білім алушының әншілік тұғыр қабілеттерін қалыптастыру;
- 5) вокалдық артикуляция, музыкалық жадыны қалыптастыру;
- 6) орындаушылық вокалдық білік және дағдыларды қалыптастыру.

Дамыту:

- 1) ладтық сезімді, есту қабілетін, дауысты, музыкалық жадыны, метроритм сезімін дамыту;
- 2) вокалдық дауыс ырғағына келтіру және сольфеджиолау дағдыларын дамыту;
- 3) эстрадалық-джаздық музыканы орындаудың вокалдық техникаларын дамыту;
- 4) оркестрдің, фортепианоның және басқа да аспаптардың сүйемелдеуімен жеке орындау дағдыларын дамыту;

5) сахна қозғалысы, микрофонмен, вокалдық-күшейткіш аппаратурамен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.

Тәрбиелік:

1) бірыңғай әншілік мәнерде ән айтудың маңызды факторы ретінде вокалдық есту қабілетін тәрбиелеу;

2) ән айтуға тұрақты қызығушылықты қалыптастыру;

3) орындаушы-вокалшының музыкалық-эстетикалық талғамын тәрбиелеу;

4) әншілік қызметке қажеттіліктерді тәрбиелеу;

5) білім алушыларды әлемдік вокалдық мәдениет негіздеріне тарту.

5. Білім беру бағдарламасын меңгеру мерзімі – жеті жылды құрайды. Негізгі оқыту курсына дайындау үшін алты-жеті жастағы балалармен дайындық топтарында сабақтар жүргізіледі.

6. Оқыту жеке, кішітоп формаларында жүзеге асырылады. Бағдарламаны іске асыруға арналған оқыту уақытының көлемі осы бұйырықтың 1-қосымшасында көрсетілгендей балалар музыка мектептерінің үлгілік оқу жоспарына сәйкес анықталады. Оқыту жеке формада іске асырылады.

7. Бағдарлама жалпы музыкалық білім алуға, дамуға және әрі қарай кәсіби оқуға бағдарланған білім алушылармен жұмыс жасауда қолдану үшін арналған.

8. Бағдарлама әр баланың музыкалық дамуын барынша саралай отырып іске асыруға жағдай жасайды, білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктеріне сай келетін, оқыту әдістерін қарастырады.

9. Аталған бағдарламаның ерекшелігі классикалық және джаздық музыканың үздік дәстүрлерінің негізінде оқытудың табиғи синтезі болып табылады.

Джаз музыкасының ерекшелігі оның импровизациялық негізінде, ол орындаушыға үлкен шығармашылық еркіндік береді.

10. «Эстрадалық-джаздық ән айту» оқу пәні білім алушының шығармашылық даралығын ашуға, оның тұлғалық және рухани қасиеттерін дамытуға, қажетті ән салу дағдыларын қалыптастыру және жүйелі түрде музыкамен әуестенудегі қажеттіліктерді туындатуға бағытталған.

11. Бағдарлама мазмұнына барлық стильдердің эстрадалық-джаздық музыкалары енеді: блюз, свинг дәуірінің джаздық стандарттары, би-боп, латино, джаз-рок, рок стиліндегі вокалдық нөмірлер.

Жеке сабақтарда білім алушы джаз тілімен, негізгі джаз гаммаларымен және импровизация әдістерімен танысады. Джаздық пьесалар бэкграунд сүйемелдеуімен жатталынады.

Сабақтарда ноталық сауат білімі мен сольфеджиолау дағдылары белсенді қолданылады.

12. Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу қағидаттары:

- 1) балалардың табиғи қабілеттерін дамытудағы біртіндеушілік;
- 2) музыкалық сөздік қорын және техникалық тәсілдерді меңгерудегі қатаң жүйелілік;
- 3) сабақтардың жүйелілігі және ұдайылығы;
- 4) оқу процесінің мақсаттылығы.

13. Бағдарлама балаларға шығармашылық, эстетикалық, рухани-адамгершілік тәрбие беруге бағытталған және жеке, ансамбльде орындаушылық тәжірибелерін меңгеруге, музыкалық өнерді зерттеу және меңгеру барысында өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын алуға жағдай жасайды.

14. Бағдарлама музыкалық қабілеттері, дайындықтары және жалпы дамуы әртүрлі деңгейдегі балаларға есептелінген. Педагог оқу міндеттерін белгілеудегі икемділік, әр баланы оқыту стратегиясын қалыптастыру мүмкіндіктері есебінен әр білім алушыға жеке тәсілмен келуді іске асыруға жағдай жасайды. Педагог музыкалық білімді меңгерудегі қолжетімділікке, сатылылыққа және жүйелілікке, балалардың бойында музыкаға деген қызығушылықтарын оятуға ерекше көңіл бөледі.

15. Білім беру бағдарламасы білім алушылардың:

- 1) музыкалық сауаттың қажетті деңгейіне сәйкес музыкалық шығармаларды шығармашылықпен орындауға мүмкіндік беретін ән айтудың білім, білік және дағдыларын меңгеріне;
- 2) шығармашылық қызмет тәжірибесін алуына;
- 3) әлем халықтарының рухани және мәдени құндылықтарын меңгеруіне;
- 4) музыкалық білім алуына және музыкалық мәдениетке араласуына;

5) білім алушылардың бойында музыка өнері саласындағы негізгі кәсіби білім беру бағдарламаларын әрі қарай меңгеруіне ықпал ететін білім, білік және дағдылар кешенін қалыптастыруға ықпал ететін жеке қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

16. Психологиялық-педагогикалық қолдау:

1) білім алушының даралығына сәйкес оның тұлғалық, зияткерлік және әлеуметтік дамуына, өзін өзі кәсіби анықтауына, зияткерлік-тұлғалық мүмкіндіктерін ескере отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасауға;

2) білім алушылардың бойында оқуға деген оң уәждемелерін қалыптастыруға;

3) білім алушылардың тұлға ретінде дамуына және өзін өзі жетілдіруіне ықпал ететіндей тұлғаға өзін өзі тануда, олардың өзіне шынайы баға беруіне және нақты өмірлік жағдайларда бейімделуінде, қиын жағдайларды жеңуде және эмоциялық тұрақтылыққа қол жеткізуде көмек көрсетуге;

4) бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес білім алушыларға психологиялық көмек көрсетуге және қолдауға бағытталған.

17. Білім алушыларға қажетті орындаушылық дағдыларды және біліктерді үйрету мазмұны, сипаты және стилі жағынан түрлі көркемдік шығармалармен жұмыс істеу барысында іске асырылады, ал музыкалық тәрбие беру халық музыкасын, қазақстандық, орыс және шетел композиторларының шығармашылығын үйретуге негізделеді.

18. Білім беру бағдарламасының ерекшелігі балалардың ән айту бойынша білім, білік және дағдыларды, шығармашылық қызмет тәжірибесін меңгеруге жалпыдамытушылық бағыттылығы болып табылады.

19. Бағдарлама білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескереді, білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамытуға, негізгі және пәндік құзыреттеріне (оқу пәні шеңберінде меңгерілген арнайы білім, білік және дағдылар) қол жеткізуге бағытталған.

20. Бағдарламаның әдістемелік негізі:

1) тұлғаны қалыптастыруға деген тұтастық тәсіл тұжырымдамасы;

2) оқытудағы жас, жеке-қызметтік, жеке-сараланған және мәселелі-зерттеу тәсілдері;

3) заманауи педагогиканың жалпы дидактикалық постулаттары, білім беру процесінің белгілеген мазмұны, формалары және тәсілдері;

4) оқытудың дамытушылық мәнмәтініндегі білім алушылардың шығармашылық және орындаушылық қабілеттерін дамыту мәселелерін әзірлеу;

5) көрнекті педагогтер мен музыка танушылардың теориялық ережелері мен әдістемелік нұсқаулары.

21. «Эстрадалық-джаздық ән айту» пәніне жеке оқытудың ерекшелігі оқыту әдістерін, құралдарын, формаларын және репертуар кешенін таңдаудың түрлілігін болжайды.

22. Қойылған міндеттерді орындау үшін қолданылатын оқыту әдістері:

1) әңгімелесу, айтып беру, түсіндіру, пікірталас;

2) көрнекілік-демонстрациялық – педагогтің шығарманы орындауы, бақылау, интерактивті және мультимедиялық таныстыру рәсімін көрсету;

3) практикалық – вокалдық жаттығулар, шығарманы өз бетінше талдау, шығарманың жеке бөліктерімен жұмыс;

4) талдау – салыстыру және жалпылау, қисынды ойлауды дамыту;

5) эмоциялық – ассоциацияларды, бейнелерді, көркемдік әсерлерді таңдау, музыкалық бейнелі ойлауды дамыту.

23. Әдістерді таңдау білім алушының жасына және жеке ерекшеліктеріне, физикалық қабілеттері, шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейіне байланысты болады. Оқу процесі қарапайымнан күрделіге қарай құрылады.

24. Сабақ формалары:

1) практикалық;

2) топтық;

3) дайындық-концерттік – дайындық және концерттік нөмірлерді көпшілік алдында көрсету;

4) байқаулар;

5) ойын сабағы – сабақ барысында ойын технологияларын қолдану;

6) экскурсия сабағы-

25. Педагог бағдарламаны заманауи музыка мектептерінде іске асыруда интерактивті білім беру технологияларын, сабақтардың классикалық және дәстүрлі емес түрлерін қолданады.

26. Педагогтің білім алушымен жеке жүргізетін сабағы сыныптағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі формасы болып табылады. Жеке сабақтарды педагогпен немесе басқа білім алушылармен ансамбльде ойнаумен үйлестіру өте тиімді.

27. Сабақ жоспары бір уақытта жүргізілетін теориялық және практикалық сабақтардан құралады.

28. Жұмыстың сабақтан тыс түрлері:

1) концерттік, байқаулық қойылымдарға дайындық;

2) шығармашылық және мәдени-ағартушылық іс-шараларға қатысу;

3) филармонияларға, театрларға, концерттік залдарға, мұражайларға бару;

4) музыка қайраткерлерімен, орындаушылармен, композиторлармен кездесулер.

29. Осы бағдарлама негізінде педагог білім беру процесін ұйымдастырудың анықталған сынып үшін ұтымды және барынша тиімді мазмұнын, әдістерін және тәсілдерін анықтайтын оқу жұмыс бағдарламасын әзірлейді.

30. Оқу жұмыс бағдарламасының құрылымдық элементтері:

1) титул парағы;

2) түсінік хат;

3) оқу қызметін жоспарлау;

4) оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

31. Титул парағында негізгі мағлұматтар:

1) білім беру ұйымының аталуы;

2) оқу пәнінің аталуы;

3) оқу жұмыс бағдарламасы арнайы әзірленген сыныпты көрсету;

4) оқу жұмыс бағдарламасының жұмыс мерзімі (оқу жылы);

5) педагог туралы қысқа мағлұмат;

6) білім беру ұйымы басшысының оқу жұмыс жоспарын бекіткендігін белгілеуге арналған орын.

32. Түсінік хаттың мазмұны:

1) негіздеме ретінде білім беру бағдарламасы;

2) анықталған сыныпта пәнді оқыту кезінде өзекті педагогикалық мақсат пен міндеттер;

3) анықталған сыныптағы оқытудың ерекшеліктері (дамытушылық, түзету-дамытушылық, дарынды балалармен жұмыс);

4) аталған сыныпта жұмысты ұйымдастырудағы ерекшеліктер мен мәселелер;

5) себептері мен өзгерістердің мақсаттарын нұсқай отырып, жеке тақырыптық блоктарды (бөлімдерді) меңгеру мерзімдерін және/немесе уақытын өзгерту туралы ақпаратты көрсету.

33. «Оқу қызметін жоспарлау» тарауы білім алушылардың қызметтерінің сипатын ерекшелейтін тақырыптық күнтізбелік жоспардан, сыныптар бойынша репертуарлық тізбеден құралады.

34. «Оқу процесін оқу-тақырыптық қамтамасыз ету» тарауының мазмұны:

1) білім алушыға арналған танымдық әдебиеттер тізбесі;

2) педагогке арналған әдістемелік әдебиеттер тізбесі;

3) оқу-көрнекілік құралдар тізбесі.

35. Педагогтің оқу жұмыс бағдарламасы әдістемелік кеңестің отырысында қарастырылады және білім беру ұйымының басшысы оқу жылы басталғанға дейін бекітеді.

36. Педагог оқу жұмыс бағдарламасы негізінде әр білім алушыға арналған оқытудың жеке жоспарын құрады. Жеке жоспар білім алушының музыкалық және рухани-адамгершілік дамуының үйлесімді процесін сипаттайды.

37. Білім алушының жеке жоспары әр жартыжылдыққа құрылып, оны білім беру ұйымының басшысы бекітеді, журналға немесе білім алушының жеке іс қағаздарына енгізіледі.

38. Білім алушының жеке жоспарын құру барысында, жеке жұмыстың болашақ және ағымдағы міндеттері ескеріліп, оқу жылының басы мен соңындағы оның мінездемесіне сәйкес құрастырылады.

Бір сыныптың өзінде бағдарламаны іске асырудың жеке жоспарлары, концерттік және емтихандық бағдарламалары күрделілік деңгейі бойынша бірі бірінен біршама ерекшеленеді.

39. Білім алушының жеке жоспары репертуарлық кең үрдісті, халық, классикалық және композиторлық техниканың элементтері бар заманауи музыканы енгізу арқылы репертуарды жаңартуды және байытуды көрсетеді.

40. Педагог әрбір білім алушының музыкалық қажеттіліктерін және дарындылық ерекшелігін ескеріп, әрқайсысына жеке репертуарлық жоспар әзірлейді.

41. Педагог музыкалық шығармалардың жеке репертуарлық тізбесін қалыптастырады, шығармаларды жүйеге келтіреді және білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес репертуарды толықтырады.

42. Репертуарлық тізбе қазақ, орыс, шетел музыкасы, көркемдік деңгейі жоғары заманауи композиторлардың балалар мен жасөспірімдерге арналған пьесаларын, мультфильмдерден, балаларға арналған кинофильмдерден алынған танымал әндерді, халық музыкасын қамтиды.

43. Оқу репертуарының әр түрлі жанрдағы және стильдегі шығармаларға қанық болуы музыкалық материалды оқуға, салыстыруға, жүйелеуге оңтайлы жағдай туғызады.

44. Репертуар жүйелі түрде жаңартылады және заманауи отандық және шетел композиторлары шығарған үздік пьесаларын қамти отырып кеңейтіледі.

45. Педагог күрделілігі төмендеу тапсырмадан мейлінше күрделі тапсырмаға біртіндеп ауысу, білім алушыға музыкалық мазмұны жағынан, сондай-ақ орындау техникасы жағынан қолжетімді болатындай материалдарды тандай отырып, оқыту әдістемесін және білім алушының репертуарын ойластырады.

46. Педагог репертуармен жұмыстың аяқталу деңгейін бекітеді, шығармаларды үйрену кезеңдерін белгілейді, бағдарламаның көлемін және күрделілігін түрлендіреді, әр білім алушының тұлғалық және жеке тәсілдерді ескеретін жаңа репертуардың есебінен репертуарлық тізімді толықтырады.

47. Педагог репертуармен жұмыс істеу барысында шығармалардың бір бөлігі көпшілік алдында немесе концертте (эмтихандық) орындауға, қалған бөлігі – сыныпта жұмыс істеуге немесе таныстыру мақсатына арналатындығын ескереді.

48. Жеке жоспарға білім алушының музыкалық орындаушылық, көркемдік, техникалық мүмкіндіктерінен жоғары және оның жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін шығармалар енгізілмейді.

49. Білім алушылардың музыкалық дүниетанымын кеңейту үшін сыныпта егжей-тегжейлі оқытылатын шығармалардан бөлек,

жұмыстың түрлі аяқталу деңгейіне жол бере отырып, жаттап алуды талап етпей, түрлі сипаттағы пьесалардың қатарымен таныстырылады.

50. Жеке жоспардың міндетті бөлімдері:

- 1) вокализдермен жұмыс;
- 2) жаттығулармен жұмыс;
- 3) классикалық және заманауи авторлардың пьесаларын орындау;
- 4) Қазақстан композиторларының шығармаларын орындау;
- 5) халық әндерінің және билерінің өңдеулері;
- 6) ансамбльдің құрамында жұмыс істеу;
- 7) парақтан оқу дағдылары.

51. Әр жарты жылдықтың соңында педагог бекітілген жеке жоспардағы репертуарлық тізбеге енгізілген өзгерістерді көрсетіп, жоспардың орындалуын белгілейді, ал жылдың соңында білім алушының музыкалық және техникалық дамуына, жетістіктері және еңбек қабілеттеріне сипаттама береді.

52. Жылдың соңындағы білім алушыға берілген мінездеме даралығының келесі жақтарын ашып көрсетеді:

- 1) музыкалық қабілеттерінің деңгейі (естуі, ырғақ, жады);
- 2) білім алушының аталған аспапқа деген орындаушылық аппаратының сәйкестігі;
- 3) аспапқа икемделу деңгейі;
- 4) жалпы дамуы, эмоциялығы, қабылдауы, реакциясының жылдамдығы;
- 5) музыкамен айналысуға көзқарасы;
- 6) еңбекке қабілеттілігі, жинақылығы;
- 7) өз бетінше жұмыс істеу білігі;
- 8) мәтінді талдаудағы сауаттылық дәрежесі;
- 9) музыкалық шығармаларды меңгеру жылдамдығы;
- 10) жылдың соңындағы жетістіктері;
- 11) білім алушының музыкалық-техникалық дамуындағы кемшіліктері және оларды жеңу бойынша міндеттері.

53. Білім алушыны сипаттауда мақсатқа жетуге ұмтылуы, көркемдік қиялының болуы, оркестрдің, фортепианоның, басқа аспаптардың сүйемелдеуімен жеке орындау дағдыларының болуы сияқты жеке қасиеттері көрсетіледі.

54. Өз бетінше жүргізілетін сабақтар ұдайы және жүйелі түрде жүргізіледі. Жұмыс көлемі балалардың жалпы білім беру бағдарламаларын игеруімен қатар үй тапсырмасына дайындалуға кететін уақыт шығыны ескеріліп анықталады.

55. Жеке үй тапсырмасы бірнеше рет жүргізіліп, педагогтің ұсынымдарына сәйкес құрылады.

Бірінші кезекте түрлі техникалық тәсілдер қолданылып, ең күрделі музыкалық эпизодтар пысықталады. Педагог білім алушының

ақыл-ой және дене мүмкіндіктеріне байланысты қандай да бір шығармаға жұмсалатын уақытты анықтайды.

56. Білім алушының өз бетінше жүргізетін сабақтарын белсендіру үшін сабақтың келесі формалары қолданылады:

1) өз орындауын талдау (білім алушылар өзінің ойнауын бағалайды, жіберілген қателіктерін белгілейді);

2) білім алушылардың күнделіктеріне шығармамен жұмысқа қатысты педагогтің маңызды ұсынымдарын жазу;

3) үй тапсырмаларын орындау туралы ауызша есеп беру (білім алушы қиындықтар туралы және оларды жою туралы айтады).

57. «Эстрадалық-джаздық ән айту» пәнінің «Сольфеджио», «Қазақ музыка әдебиеті», «Әлемдік музыка әдебиеті», «Ұжымдық музыка ойнау» пәндерімен пәнаралық байланысы білім алушылардың түрлі көркемдік түсініктерді тұтас түсінуге итермелейді.

58. 1 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) қарапайым вокалдық жаттығуларды баяу ырғақта келесідей аралық үзілістерді: таза прима, үлкен және кіші секундтар, кіші және үлкен терция, таза октаваны пайдалану арқылы айту;

2) фонограммамен ән айту дағдыларын қалыптастыру;

3) оқу жылының ішінде білім алушы 1-2 вокализді немесе әндету сипатындағы әнді, 4-5 вокалдық эстрадалық-джаздық шығармаларды үйренеді.

59. 1 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Дауыс аппаратының анатомиясы және гигиенасы.

2-тақырып. Дауыс аппаратының құрылымы және жұмыс жасау қағидалары, оларды меңгеру негіздері.

3- тақырып. Дауыс режимі, дауыс аппаратын күту, дұрыс тамақтану.

4-тақырып. Диафрагмалық-қабырғааралық тыныс алуды үйрету.

5-тақырып. Диафрагманы іске қосу үшін «стаккато» штрихіне жаттығу.

6-тақырып. Біркелкі тыныс алуды, ағынды тыныс шығаруды дамыту үшін «легато» штрихіне жаттығу.

7- тақырып. Дұрыс мүсінді сақтау бойынша жұмыс.

8- тақырып. Парақтан оқу.

9- тақырып. Қысымды болдырмау үшін бұлшық ет жаттығулары (қозғалыс белсенділігі).

10 - тақырып. Нота бойынша ән айту.

11 - тақырып. «Стаккатоға» және «легатоға» жаттығулар.

12 - тақырып. Дұрыс мүсінді сақтау бойынша жұмыс.

13- тақырып. Резонаторлық сезімдерді дамыту (кеуде және бас).

14- тақырып. Вокализмдермен жұмыс.

15-тақырып. Дұрыс вокалдық қалыпты қалыптастыру, дыбысталу орнын табу, тамақты ашу.

60. 1 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

1 сыныптың оқу жылының соңында білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) ашық, жеңіл, сыңғырлап шығатын дұрыс әншілік дыбысты қалай шығаруды біледі, қысыңқы, асығыс дыбыстауларды болдырмауға тырысады;

2) дикция мен артикуляция негіздерін біледі, дауысты дыбыстарды дұрыс шығарады, дауыссыздарды анық, таза, екпінді дыбыстайды;

3) сөз соңындағы дауыссыздарды анық айтады, дауыссыздарды келесі буынға қосады;

4) тыныс ала алады және тынысты музыкалық фразаға бөле алады;

5) келесідей аралық үзілістерді таза орындай алады: таза приманы, кіші және үлкен секундтарды, кіші және үлкен терцияны, таза октаваны;

6) джаздық артикуляциямен 1-2 джаздық вокалдық жаттығулар орындай алады;

7) бэкграунд немесе «комбо» сүйемелдеуімен ағылшын, қазақ тілдеріндегі джаздық стандарттарды және танымал әндерді орындай алады;

8) ән айту кезінде мүсінін дұрыс ұстай алады;

9) эстрадалық-джаздық орындау мәнерін меңгереді.

61. 2 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) ән айту және дауысты сақтау ережелерімен танысу;

2) музыкалық, әншілік, шығармашылық қабілеттерді: музыкалық есту қабілетін, әншілік дауысты, зейінді, музыкалық ойлауды, жадыны, эмоционалдылықты, қажеттіліктерді, қызығушылықтарды, талғамдарды, шығармашылық еңбекке дайындықты дамыту;

3) дауыс аппаратының анатомиясын және гигиенасын үйренуді әр қарай жалғастыру: дауыс аппаратының құрылғысы мен жұмыс істеу принципі, оларды кәсіби меңгерудің негіздері;

4) дауыс режимі, дауыс аппаратын күту, дұрыс тамақтану;

5) диафрагмалық-қабырға аралық тыныс алуды оқыту;

6) диафрагманы іске қосу үшін «стаккато» штрихіне жаттығу;

7) біркелкі тыныс алуды, ағынды тыныс шығаруды дамыту үшін «легато» штрихіне жаттығу;

8) дұрыс мүсінді сақтау бойынша жұмыс;

9) қысымды болдырмау үшін бұлшық ет жаттығулары (қозғалыс белсенділігі);

10) резонаторлық сезімдерді дамыту (бас және кеуде), сіңірлер жұмысындағы кеуде және бас механизмдері, кеңірдектің біріншілігі және резонаторлардың екіншілігі;

11) дұрыс вокалдық позицияны дамыту, дыбысталу орнын анықтау, тамақты ашу.

12) екінші оқыту жылының нәтижесінде білім алушы дауыс диапазонын 1,5 октаваға дейін кеңейтеді, дауысты дыбыстардың үнділігін біркелкі етеді;

13) тіректі сезінумен байланысты, тынысты ұйымдастыру бойынша жұмыстар жалғасады;

14) вокалдық жаттығулар: вокализдермен жұмыс жасау кезінде білім алушы дыбысты әуезді, жұмсақ жүргізе алады;

15) оқу жылының ішінде білім алушы 1 вокализ, әртүрлі сипатты және мазмұнды 4 вокалдық шығарманы үйренеді.

62. 2 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Нотаны парақтан оқу. Эстрадалық-джаздық шығармаларды айту.

2-тақырып. Жаттығулар. Оқыту-жаттықтыру материалын айту.

3-тақырып. Вокалды дауыстыларды, жоғарғы және төменгі форманттарды қалыптастыру.

4-тақырып. Сыртқы артикуляция - ерін, төменгі жақ, тіл ұшы.

5-тақырып. Сөйлеу дауыстыларын қалыптастыру.

6-тақырып. Дауыссыздарды қалыптастыру және олардың тынысқа әсері.

7-тақырып. Вокалдық позицияны қалыптастыру бойынша жұмыс.

8-тақырып. Концерттік нөмірлерді қою.

9-тақырып. Ноталарды оқу. Эстрадалық-джаздық шығармаларды айту.

10-тақырып. Жаттығулар және вокализдер. Оқыту-жаттықтыру материалын айту.

11-тақырып. Дикцияны дамытуға арналған жаттығулар.

12-тақырып. Резонаторлық сезімдерді дамытуға жұмыс (тамақтың біріншілігі және резонаторлардың екіншілігі).

13-тақырып. Дауысты біркелкі ету, тірек сезімін дамыту.

14-тақырып. Табиғи тембрді ашу бойынша жұмыс.

15-тақырып. Концерттік нөмірлерді қою.

63. 2 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

2 сыныптың оқу жылының соңында білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) вокалдық пьесаларды ұйымдастыру қағидаларын біледі: мелодияны фразаларға, сөйлемдерге бөледі, шарықтау шектерін және кодтарды орындай алады;

- 2) свинг стилін орындаудың ерекшеліктерін біледі;
- 3) әндету сипатындағы вокализдерді орындай алады;
- 4) джаздық артикуляцияны орындай отырып, дыбысты жұмсақ, әуенді, шығара алады;
- 5) тіректі сезінумен тыныс алуға ие;
- 6) 1,5 октавадағы диапазонды пайдалана алады;
- 7) әртүрлі сипаттағы және мазмұндағы вокализдер және эстрадалық-джаздық пьесаларды орындай алады.

64. 3 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

- 1) ән айту және дауысты сақтау ережелерімен әрі қарай танысу;
- 2) музыкалық есту қабілетін, әншілік дауысты, зейінді, музыкалық ойлауды, жадыны, эмоционалдылықты, қажеттіліктерді, қызығушылықтарды, талғамдарды, шығармашылық еңбекке дайындықты жан-жақты тәрбиелеу;
- 3) вокалдық-техникалық білімдерді, біліктерді, дағдыларды әрі қарай қалыптастыру;
- 4) орындау барысында әншілік тұғырды сақтау, дыбысты дұрыс шығаруды (жұмсақ «шабуыл»), көмейдің тұрақты қалыбын, ән айту кезіндегі тыныс шығару күйін, бірқалыпты-белсенді, үнемді тыныс шығаруды сақтау қабілетін оқыту;
- 5) білім алушыда әншілік дауыстың негізгі қасиеттерін: ашықтық, шарықтауы, араластық, тембрлік тегістік, вибратомен ән айтуды қалыптастыру;
- 6) сау дауыстың жағымды жеке тембрін сақтау, белсенді, асықпай ән айтуды оқыту;
- 7) еркін, табиғи, төгілте ән айтуға, дауысын жұмсақ меңгеруге оқыту;
- 8) дауысты дыбыстарды дұрыс шығару және білім алушыны дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйрету;
- 9) жаттығуларда машықтанған қабілеттерді шығарма орындауда пайдаланып, ән айтудың барлық ережелерін мүлтіксіз орындау қажеттілігін қалыптастыру;
- 10) дауыс диапазонын 1,5 октаваға дейін кеңейту, дауысты дыбыстардың үнділігін біркелкі ету;
- 11) тірек сезімімен байланысты тынысты ұйымдастыру жұмыстарымен әрі қарайғы жұмыс, оқу минус фонограммасымен жұмысты жетілдіру;
- 12) әуезді әндету қабілеті, дыбысты жұмсақ жүргізу;
- 13) орындауға көркем шығармашылықтың элементтерін енгізе білу қабілеті;
- 14) әуен қозғалысын сезуді, оның дамуын және шығарманың шырқау шегін анықтай білуі тиіс.

15) мажорлық және минорлық гаммалар, үшдауыстылық, әндету, октаваға жоғары және төмен секірулер енетін вокалдық жаттығуларды айту;

16) оқу жылының ішінде білім алушы 1-2 вокализді, әртүрлі сипаттағы және мазмұндағы 4-5 вокалдық шығармаларды үйренеді.

65. 3 сыныптың оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Ноталарды оқу. Эстрадалық-джаздық шығармаларды айту.

2-тақырып. Жаттығулар. Оқыту-жаттықтыру материалдарын айту.

3-тақырып. Дауыс сіңірлерінің кеуде және бас механизмдерінің жұмысы.

4-тақырып. Үлгілік тондардың диапазон ортасындағы жаттығу.

5-тақырып. Легатода көршілес дыбыстарды біркелкі қосу бойынша жұмыс.

6-тақырып. Дұрыс фразаға бөлудегі тыныстың рөлі, бір тонда ұсталған дыбыстар - жаттығулар.

7-тақырып. Есту бойынша таңдау.

8-тақырып. Негізгі музыкалық терминдермен танысу.

9- тақырып. Концерттік нөмірлерді қою.

10-тақырып. Табиғи тембрді ашу бойынша жұмыс.

11-тақырып. Staccato, legato штрихтері. Оқыту-жаттықтыру материалдарын айту.

12-тақырып. Фразаға бөлу, ритммен жұмыс, шабуыл түрлері.

13-тақырып. Бұлшық ет қысымдарын болдырмау бойынша жұмыс.

14-тақырып. Дұрыс тұғыр және сезінуді қалыптастыру.

15-тақырып. Крещендо және диминуендоға жаттығулар.

16-тақырып. Эстрадалық-джаздық шығармаларды орындау.

17-тақырып. Дауыстың интонациялық мәнерлілігін дамыту бойынша жұмыс.

18-тақырып. Концерттік нөмірлерді қою.

66. 3 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

3 сыныптың оқу жылының соңында білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) тіректі сезінумен тынысты қалай дұрыс ұйымдастыру керек екендігін біледі;

2) джаздық артикуляцияны біледі;

3) мажорлық және минорлық гаммалар, үшдауыстылық, әндету, октаваға жоғары және төмен секірулер кіретін вокалдық жаттығулар мен вокализдерді орындай алады;

4) дыбысты әуезді, жұмсақ жүргізе біледі, әуен қозғалысын, оның дамуын, шарықтау шегін сезе алады;

5) 1,5 октаваға дейінгі дауыс диапазонына ие;

6) минус оқу фонограммасымен 4-5 вокалдық шығармаларды орындай алады;

7) эстрадалық-джаздық пьесаның бейнелі мазмұнын аша алады.

67. 4 сыныптағы бағдарламалық талаптар.

1) вокалдық-техникалық қабілеттерді пысықтау және эстрадалық-джаздық вокалдық репертуарды игеру бойынша жұмыстар жалғасады;

2) орындалатын шығарманы сараптау және қысқаша сипаттай білу қабілетіне оқыту;

3) әуен нұсқалары, шығарманы өз ойымен сипаттау дербестігіне ұмтылу негізінде шығармашылық қабілеттерді дамыту;

4) кәсіби минус фонограммасымен жұмыс істей алу қабілетін қалыптастыру;

5) кеуде және бас регистрін қосу (микст);

6) бұрын алынған вокалдық-техникалық дағдыларды бекіту;

7) дауыстың қозғалғыштығын меңгеру, дауыс тембрін анықтау;

8) микрофонмен ән айту қабілеті;

9) мажорлық және минорлық үшдауыстылық, баяу екпінді арпеджио, жылдам екпінді мажорлық және минорлық гаммалар, тесситуралық секірістер енетін вокалдық жаттығуларды айту;

10) оқу жылының ішінде білім алушы 6-7 вокализдерді, әндету сипатындағы әндерді, танымал балалар әндерін, отандық танымал әндерді және ретро-әндерді үйренеді.

68. 4 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Фразаға бөлумен жұмыс жасау. Тыныс сәйкестігі.

2-тақырып. Д, Б, П дауыссыз дыбыстар арқылы қатты шабуылмен жұмыс.

3-тақырып. Ноталарды оқу. Эстрадалық-джаздық шығармаларды орындау.

4-тақырып. Сызықтарға жаттығулар. Оқыту-жаттықтыру материалын айту.

5-тақырып. Ырғақты фразаға бөлу. Триолдар, квинтолдар.

6-тақырып. Дауыстыларды түзетуге арналған жаттығулар.

7-тақырып. Концерттік нөмірлерді қою.

8-тақырып. Есту бойынша таңдау.

9-тақырып. Ритм және тыныс алуды реттеу.

10-тақырып. Ритмге арналған жаттығулар. Оқу-жаттығу материалын айту.

11-тақырып. Staccato, legato штрихтары.

12 -тақырып. Кантиленаны дамытумен жұмыс.

13-тақырып. Негізгі музыкалық терминдермен танысу.

14-тақырып. Легато дыбысталуындағы бұлшық ет динамикасын дамыту.

15-тақырып. Ноталарды оқу. Эстрадалық-джаздық шығармаларды айт.

16-тақырып. Концерттік нөмірлерді қою.

69. 4 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

4 сыныптың оқу жылының соңында білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) тіректі сезінумен тынысты қалай дұрыс ұйымдастыру керек екендігін біледі;

2) би-боп стиліндегі джаз артикуляциясын біледі;

3) жылдам екпінді мажорлық және минорлық гаммалар, мажорлық және минорлық үшдауыстылық, баяу екпінді арпеджио, тесситуралық секірістер енетін вокалдық жаттығуларды орындай алады;

4) кеуде және бас регистрін біріктіре алады;

5) орындалатын шығарманы сараптап және қысқаша сипаттап бере алады;

6) әртүрлі сипаттағы және мазмұндағы вокализдер мен эстрадалық-джаздық пьесаларды орындай алады;

7) сахнада микрофонмен минус фонограммасы сүйемелдеуімен джаз мәнеріндегі шығарманы орындай алады.

70. 5 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) өтпелі ноталармен және регистрлерді тегістеумен әрі қарай жұмыс;

2) тесситурлық секірістерге , гаммаларға, арпеджиоға жаттығулар;

3) барлық өтілген вокалдық-техникалық қабілеттерді пысықтау бойынша әрі қарай жұмыс;

4) дауыстың қозғалғыштығымен және икемділігімен жұмыс, өзіндік тембрді анықтау;

5) әртүрлі динамикалық реңктерді құрастыру;

6) эстрадалық-джаздық форшлагтарды, группеттоларды, пассаждарды орындау;

7) джаз музыкасына тән аккордтарға құрылған жаттығулар;

8) ырғақты жаттығулар, білім алушыларды ерекше әдістермен: субтонмен, вибратормен, тік дыбыспен, фрулатомен таныстыру, дыбыстың динамикалық шабуылымен (драйв) әр бөлікке мән бере отырып екпінді орындау;

9) бұрын алынған вокалдық-техникалық дағдыларын бекіту, дауыс қозғалғыштығын, әртүрлі динамикалық реңктерді меңгеру;

10) мажорлық және минорлық гаммалар, мажорлық және минорлық үшдауыстылық, арпеджио, әндету, квинтаға, октаваға жоғары және төмен секірістер енетін вокалдық жаттығуларды айту;

11) оқу жылының ішінде білім алушы әртүрлі сипаттағы 7-8 шығарманы үйренеді.

71. 5 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Ноталарды оқу. Джаздық стандарттардың тақырыптары.

2-тақырып. Ырғақты топтастырулар: квартоль, квинтоль. Оқыту-жаттықтыру материалдарын айту.

3-тақырып. Музыкалық терминдер.

4-тақырып. Ағынды тыныс шығаруды жетілдіру.

5-тақырып. Жұмсақ шабуылды қайталау әуендерін айту.

6-тақырып. Үлкен диапозонда резонаторлық сезімдер арқылы дауысты біркелкі ету.

7-тақырып. Концерттік нөмірлерді қою.

8-тақырып. Бұлшық ет қысымдарын жою бойынша жұмыстар.

9-тақырып. Сызықтарға жаттығулар. Оқыту-жаттықтыру материалдарын айту.

10-тақырып. Вокализдер.

11-тақырып. Бояулы фразалармен жұмыс: жылау, ыңырсу, таңдану.

12-тақырып. Ритм және тынысты ұйымдастыру. Жаттығу.

13-тақырып. Артикуляция және дикция бойынша жұмыс.

14-тақырып. Вокализдермен жұмыс. Эстрадалық-джаздық шығармаларды орындау.

15-тақырып. Кантиленаны дамытумен жұмыс.

16-тақырып. Концерттік нөмірлерді қою.

72. 5 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

5 сыныптың оқу жылының соңында білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) субтон, вибрато, тік дыбыс, фруллато - ерекше әдістермен ырғақты жаттығуларды біледі;

2) джаздық артикуляцияны, эстрадалық-джаздық форшлагтарды, группеттоны, пассаждарды біледі;

3) тесситурлық секірістерді, гаммаларды, арпеджиоларды орындай алады;

4) әуенді әр бөлікте ерекшелеумен және дыбыстың динамикалық шабуылымен екпінді мәнерде орындай алады;

5) мажорлық және минорлық гаммалар, мажорлық және минорлық үшдауыстылық, арпеджио, квинтаға, октаваға жоғары және төмен секірістер енетін вокалдық жаттығуларды орындай алады;

6) әртүрлі сипаттағы және мазмұндағы вокализдерді және эстрадалық-джаздық пьесаларды микрофонмен минус фонограммасы сүйемелдеуімен орындай алады.

73. 6 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) барлық өтілген вокалдық-техникалық дағдыларды пысықтау бойынша жұмыстар жалғасады;

2) дауыс қозғалғыштығымен, дауыстың әдемі тембрін анықтау, әртүрлі динамикалық реңктерді пайдалану бойынша жұмыс;

3) эстрадалық-джаздық форшлагтар, группето, пассаждар;

4) кантиленоны қалыптастыратын жаттығулар (көтерілетін және түсетін гаммалар, арпеджио);

5) сызықтық және синкопирленген ритмге құрылған жаттығулар;

6) дыбыс түзуге көңіл аудара отырып, артикуляцияны, дикцияны, фразаға бөлу және нюанстарды бақылау;

7) ріано-ны айту білігі;

8) дыбыс филировкасы;

9) бұрын алынған вокалдық-техникалық дағдыларын бекіту, дауыс қозғалғыштығын, әртүрлі динамикалық реңктерді меңгеру;

10) мажорлық және минорлық гаммалар, мажорлық және минорлық үшдауыстылық, арпеджио, әндету, квинтаға, октаваға жоғары және төмен секірістер енетін вокалдық жаттығуларды айту;

11) оқу жылының ішінде білім алушы әртүрлі сипаттағы 7-8 шығарманы үйренеді.

74. 6 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Эстрадалық-джаздық шығармаларды орындау.

2-тақырып. Еркін тыныс алумен, жоғарғы вокалдық позиция құрумен жұмыс.

3-тақырып. Арпеджионы айту жаттығуы. Оқыту-жаттықтыру материалын айту.

4-тақырып. Дауыстыларды араластырумен жұмыс.

5-тақырып. Тыныс алу техникасын, артикуляцияны жетілдіру.

6-тақырып. Орындауды жетілдіру, стильді сезінуді дамыту.

7-тақырып. Концерттік нөмірлерді қою.

8-тақырып. Тиімді импеданс, ауыз формасын іздеу, барлық диапазондағы аралас дыбысталу.

9-тақырып. Қозғалыс белсенділігі арқылы тыныс алу техникасын дамыту, тынысты үнемді шығындау.

10-тақырып. Штрихтарға жаттығулар. Оқыту-жаттықтыру материалын айту.

11-тақырып. Дыбыс реңктерімен жұмыс, дыбыс филировкасы.

12-тақырып. «Пианода» ән салу, дауыстағы вибрато техникасымен жұмыс.

13-тақырып. Ноталарды парактан оқу және есту бойынша таңдау. Эстрадалық-джаздық шығармаларды айту.

14-тақырып. Сильді сезінуді дамыту бойынша жұмыс.

15-тақырып. Концерттік нөмірлерді қою.

75. 6 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

6 сыныптың оқу жылының соңында білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) джаз артикуляциясын біледі;
- 2) үзік сызықты және синкопирленген ритмдерге ие;
- 3) динамикалық реңктер, эстрадалық-джаздық форшлагтар, группето, пассаждар орындай алады;
- 4) көтерілетін және төмендейтін гаммаларды, арпеджио қолданылатын вокалдық жаттығуларды орындай алады;
- 5) нақты дикция, фразаға бөлу, нюанстарды бақылай алады;
- 6) «riano» және дыбыс филировкасын меңгере біледі;
- 7) микрофонмен минус сүйемелдеуімен эстрадалық-джаздық стандарттарды орындай алады.

76. 7 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

- 1) техникалық дағдыларды дамыту және эстрадалық-джаздық вокалдық репертуарды игеру бойынша жұмыстарды жалғастыру;
- 2) әдемі және мәнерлі ән айту қабілеттерін меңгеру;
- 3) дикция, артикуляция, «тіректі» тыныс алу, тембрді дамыту, дауыстың әуенділігі;
- 4) фонограммамен, вокалдық радиотехникалық аппаратурамен жұмыс жасау дағдылары;
- 5) вокалдық шығарманы және шет тілдердегі шығарма мәтіндерін үйрену бойынша өзіндік жұмыс;
- 6) динамикалық стереотипті пысықтау;
- 7) сөзбен, шығарманың көркемдік мазмұнын ашу және стилистикалық ерекшеліктерін анықтау бойынша жұмысты белсендіру;
- 8) вокалдық-техникалық және орындаушылық дағдылар жүре біткен рефлекс деңгейіне жеткізіледі;
- 9) оқу жылының ішінде білім алушы әртүрлі сипаттағы 9-10 шығарманы үйренеді.

77. 7 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Концерттік номерлерді қою.

2-тақырып. Дыбыс сипатымен, әртүрлі стиль және жанр бойынша фразаларға бөлумен жұмыс.

3-тақырып. Дыбыс сипатымен жұмыс. Оқыту-жаттықтыру материалын айту.

4-тақырып. Дуолдан октолға дейінгі ырғақты топтастырулар.

5-тақырып. Бұлшық еттің еркіндігін, дұрыс позицияны иелену.

6-тақырып. Әртүрлі стилдерде орындаумен жұмыс. Рок, джаз, романс.

7-тақырып. Бітіру бағдарламасының шығармаларын талдау.

8-тақырып. Қарапайым араласқан ырғақты топтастырулар.

9-тақырып. Әртүрлі техника түріне жаттығулар. Оқыту-жаттықтыру материалын айту.

10-тақырып. Концерттік номерлерді қою.

11-тақырып. Дыбыстаудың мінсіз сипатын табу.

12-тақырып. Резонаторлық сезіммен жұмыс.

13-тақырып. Нотаны парақтан оқу және есту қабілеті бойынша таңдау. Эстрадалық-джаздық шығармаларды айту.

14-тақырып. Дыбыспен, қатты және жұмсақ шабуылмен жұмыс.

78. 7 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

7 сыныптың оқу жылының соңында білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) джаздық артикуляцияны біледі;
- 2) жеке тембрмен, анық дикциямен, дұрыс артикуляциямен және дұрыс тыныспен әдемі мәнерлі ән айтуды меңгереді;
- 3) 1,5 октавадан кем емес диапазонды игере алады;
- 4) субтон, вибрато, түзу дыбыс, фруллато сияқты ерекше тәсілдерді меңгереді;
- 5) әр үлеске екпін қоя жігерлі орындау дағдыларына, дыбысқа динамикалық шабуылды меңгереді;
- 6) сахнада қозғала алады;
- 7) микрофонмен және «минус» фонограммасымен жұмыс істей алады;
- 8) джаздық музыканың жанрларын біледі;
- 9) орындаудың стилін нақты айта біледі.

79. Білім беру бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

Бітіруші түлек:

- 1) музыкалық сауаттың негіздерін;
- 2) заманауи эстрадалық және джаздық музыка жанрларын;
- 3) музыкалық терминдерді;
- 4) эстрадалық - джаздық музыканың түрлі жанрларына тән ерекше тәсілдерді;

- 5) эстрадалық орындаушылық өнердің қазіргі талаптарына сәйкес келетін вокалдық шеберлік техникасын;
- 6) музыкалық шығармалардың түрлі интерпретацияларын;
- 7) бағдарламалық талаптарға сәйкес түрлі стильдер мен жанрлардан тұратын репертуарды;
- 8) музыкаларын орындайтын композиторлардың шығармашылығының негізгі заңдылықтарын;
- 9) музыкант-орындаушының сахнадағы жұмыс қағидаттарын біледі.

Бітіруші түлек:

- 1) саналы, мәнерлі, көркем вокалды орындаушылықты меңгереді;
- 2) күрделі емес шығармаларды үйрену барысында кездесетін техникалық қиындықтарды өзбетінше жеңе алады;
- 3) музыкалық-эстетикалық талғамның жоғары деңгейіне ие;
- 4) таза интонацияға, әншілік тірекке және әртістік негізге ие;
- 5) салауатты өмір салтын ұстанады, дауыс аппаратына ұқыпты қарайды;
- 6) орындаушылық практикасында теориялық білімдерін қолдана біледі;
- 7) сахнада өнер көрсете біледі, фонограммамен, микрофонмен, вокалдық-күшейткіш аппаратурамен жұмыс істей алады.

Бітіруші түлекте:

- 1) есту қабілеті бойынша таңдау және күрделі емес музыкалық шығармаларды парақтан оқу;
- 2) мәнерліліктің музыкалық-орындаушылық құралдарын қолдану;
- 3) есту қабілеті бақылауы және орындау процесін басқару қабілеті;
- 4) орындалатын шығармалардың теориялық талдау;
- 5) жеке көпшілік алдында өнер көрсетудің орындаушылық практикасы дағдылары қалыптасқан.

80. Үлгерімді бақылаудың мақсаты білім алушының білім беру бағдарламасын игерудегі нәтижелілігін анықтау болып табылады.

Білім алушылардың бағдарламаны игеруін бақылау – бақылау жұмысы, техникалық сынақ, академиялық концерт түрінде, қорытынды аттестаттау – емтихан түрінде іске асырылады.

15. Аттестаттау формасы және білім алушылардың сыныптар бойынша көрсетілімдеріне қойылатын бақылау-бағдарламалық талаптары:

1) 1 сынып – төртінші тоқсанда: сынақ (қазақ тіліндегі балалар эстрада әні, ағылшын тіліндегі танымал ән);

2) 2 сынып – екінші тоқсанда: бақылау сабағы (қазақ тіліндегі балалар эстрада әні, ағылшын тіліндегі танымал ән), төртінші тоқсанда: сынақ (қазақ тіліндегі балалар эстрада әні, джаздық стандарт);

3) 3 сынып – екінші тоқсанда: бақылау сабағы (қазақ тіліндегі балалар эстрада әні, ағылшын тіліндегі танымал ән), төртінші тоқсанда: сынақ (қазақ тіліндегі балалар эстрада әні, джаздық стандарт);

4) 4 сынып – екінші тоқсанда: бақылау сабағы (қазақ тіліндегі балалар эстрада әні, джаздық стандарт), төртінші тоқсанда: сынақ (заманауи шетелдік хит, өтілген материалдан таңдау бойынша шығарма);

5) 5 сынып – төртінші тоқсанда: емтихан (заманауи шетелдік хит, өтілген материалдан таңдау бойынша шығарма);

6) 6 сынып – төртінші тоқсанда: емтихан (джаздық стандарт, өтілген материалдан таңдау бойынша шығарма);

7) 7 сынып – төртінші тоқсанда: бітіру емтиханы (қазақ тіліндегі әнді эстрадалық өңдеу, екі джаздық стандарт, шетелдік хит).

82. Музыкалық білім беруде оқыту нәтижелерін бақылау өлшемшарттары пән бойынша ағымдық үлгерім нәтижелерінен және концерттік көрсетілімдерден алған бағаларынан тұрады.

Педагог білім алушының жұмысын бағалау кезінде келесі өлшемшарттарды ескереді: білім алушының аспапты тиісті деңгейде меңгергенін көрсетуі, көркем бейнені толық және сенімді ашуы, орындалатын шығарманың стилін түсінуі және орындаушылық интерпретацияда көрсетуі.

83. Бағалау өлшемшарттары:

1) «5» «өте жақсы» бағасы – вокалдық аппаратты еркін игеруі, дұрыс әншілік тұғыр, интонациялау тазалығы, дыбысты жүргізудің, нюанстердің негізгі тәсілдерін меңгеруі, есту қабілетін өз бетінше бақылау, ноталық мәтінді дәл оқу және білу, шығарманың көркемдік бейнесін ашу, мәнерлеп-әртістік орындауы, музыкалық көрнекілік құралдарын поэтикалық және музыкалық мазмұнмен икемді қосу, орындайтын шығармасын өз бетінше түсіндіруі, орындау мәдениетінің жоғарылығы;

2) «4» «жақсы» бағасы – вокалдық аппаратты еркін игеруі, дұрыс әншілік тұғыр, интонациялау тазалығы, дыбысты жүргізудің, нюанстердің негізгі тәсілдерін меңгеруі, ноталық

мәтінді білуі, есту қабілетіне бақылаудың жеткіліксіздігі, шығарманың қиын жерлерінде техникалық олқылықтар (интонациялық дәлдіктің жоқтығы), шығарманы орындауда музыкалық ойлау көзқарасынан қараудың, өзінің ой елегінен жеткіліксіз өткізуі, сахнадағы психологиялық тәртібінің тұрақсыздығы;

3) «3» «қанағаттанарлық» бағасы – вокалдық аппаратты, дыбысты шығару тәсілдерін жеткіліксіз игеруі, темптік ырғақтық ұйымдастырудың болмауы, біртекті серпін және дыбыс шығарудың бірсарындылығы, музыканы ой елегінен өткізбестен авторлық ноталық мәтінді оқудың формалдылығы, орындаудың әлсіз есту бақылауы, орындауда стилистикалық және интонациялық қателіктердің болуы, орындау мәдениетінің орташа деңгейі, сахнадағы тұрақсыз психологиялық жағдайы;

4) «2» «қанағаттанарлық емес» бағасы – вокалдық аппаратты, дыбысты жүргізу тәсілдерін меңгере алмау, орындауда стилистикалық және интонациялық қателіктердің болуы, орындау мәдениетінің төмен деңгейі, сахнадағы тұрақсыз психологиялық жағдайы;

5) «Сынақ» (баға қойылмайды) – орындауы оқытудың аталған кезеңінің тиісті деңгейіне сәйкес.

Образовательная программа по предмету «Эстрадно-джазовое пение» детских музыкальных школ и музыкальных отделений детских школ искусств

1. Образовательная программа по предмету «Эстрадно-джазовое пение» детских музыкальных школ и музыкальных отделений детских школ искусств (далее - Программа) определяет единый комплекс основных характеристик образования, включающий цель, результаты и содержание обучения, организацию образовательного процесса, способы и методы их реализации, критерии оценки результатов обучения по предмету «Эстрадно-джазовое пение».

2. В настоящей программе используются следующие понятия:

1) артикуляция – способ исполнения последовательного ряда звуков при игре на музыкальном инструменте или при пении вокальных партий;

2) арпеджио – способ исполнения аккордов на фортепиано, некоторых клавишных (ксилофон, виброфон) и струнных инструментах, при котором звуки аккорда следуют один за другим;

3) блюз – отдельно взятая композиция блюза или жанр музыки, получивший широкое распространение в 20-х годах двадцатого века;

4) бибоп, би-боп, боп – джазовый стиль, сложившийся в начале - середине 40-х годов двадцатого века, характеризуемый быстрым темпом и сложными импровизациями, основанными на обыгрывании гармонии, а не мелодии;

5) бэкграунд – инструментальное или голосовое сопровождение в джазе;

6) вибрато (тремоляция) – периодические изменения высоты, силы (громкости) или тембра музыкального звука или пения. В струнных инструментах вызывается колебаниями пальца;

7) группетто – мелодическое украшение, состоящее из нескольких звуков: верхнего вспомогательного, основного, нижнего вспомогательного и основного, исполняется за счёт длительности основной ноты;

8) джаз – вид музыкального искусства и музыкальный стиль, сложившийся в США в конце девятнадцатого – начале двадцатого веков на основе сочетания черт европейской и африканской культуры и затем получивший международное распространение;

